

"Қазақтүрікмұнай ltd" бірлескен Қазақстан-Түрік кәсіпорнына жер қойнауын беру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 маусым 1993 ж. N 526

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақтүрікмұнай ltd" бірлескен кәсіпорнына Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары аумағының келісілген учаскелерінде мұнай мен газды іздестіру-барлау жұмысын жүргізуге пайдалану үшін жер қойнауы берілсін, сондай-ақ бірлескен кәсіпорын жұмыс істейтін осы аумақта ашық кен орнынан кен шығару мен пайдалануға Республика Үкіметімен Келісім (Шарт) жасасуға бірінші кезекте құқық берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Қазақтүрікмұнай ltd" бірлескен кәсіпорнымен жұмысты орындау барысында республиканың мүддесі сақталуына бақылау жасап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі